



Бекітемін:
Мектеп директоры Кушенов
Қ.Кушенов
«29» 08 2024 ж

Келісемін: Байжуманова
Оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
Байжуманова М.Е
«29» 08 2024 ж

Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанынан ашылған шағын орталық «Еркетай» орта тобының 2024-2025 оқу жылына арналған

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

(3 жас)

Тәрбиеші: Кушкембаева А.Е

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

2024– 2025 оқу жылындағы Сарыөзен негізгі орта мектебінің жанынан ашылған «Еркетай» ортаңғы тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама),
Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет


2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет , қазақ тілі күн сайын.

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту – математика негізі күн сайын.

4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.

5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру – қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Бекітемін
Мектеп директоры
К.Кушенов



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2024-2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: Сарыөзен негізгі орта мектебі

Топ: «Еркетай» орта тобы

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	- Негізгі қимылдар: Сапта бір-бірден, екеуден (жұппен) жүру. Аяқтың ұшымен жүгіру. - Тепе - теңдікті сақтау. Арқан бойымен жүру, - Домалату, лақтыру, қағып алу. Төменнен екі қолмен көлденең нысанаға лақтыру. - Еңбектеу, өрмелеу. Заттарды айналып және заттардың арасымен еңбектеу,
	Сөйлеуді дамыту	- Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты (е, о) дыбыстарды анық айтуға үйрету дыбыстардың артикуляциясын нақтылау. - Сөздік қор: Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, сөздермен байыту. - Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді септелуіне, қарай байланыстыру. - Байланыстырып сөйлеу: Тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, алған әсерлерімен бөлісуге үйрету.

Көркем әдебиет	• Кітаптарға қызығушылықты ояту. • Оларға суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалардың пікірлерін тыңдау.
Математика негіздері	• Сан Заттардың санын ажыратуға үйрету: • Шама Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру. • Геометриялық фигуралар Балаларды геометриялық фигура шаршыны таныстыру. • Кеңістікті бағдарлау Осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау:
Қоршаған ортамен таныстыру	• Еңбекке баулу • Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
Құрастыру	• Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін: текшелер, кірпіштер, цилиндрлер, үшбұрыштар, призмаларды ажырата білуге, атауға және қолдануға үйрету,

Сурет салу	• Көлденең және тік сызықтарды салу, олардың қиылысуын жүргізе білу, әр түрлі пішіндегі (көкөністер мен жемістер, ыдыс-аяқ, ойыншықтар, жануарлар), дөңгелек пішінді (шарлар, бұлттар, күн) заттарды бейнелеу.
Мүсіндеу	• Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар).
Жапсыру	• Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сұртуге майлықты қолдану.
Музыка	• Музыка тыңдау. Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. • Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру. • Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.